

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және фармацевтикалық
қызметті бақылау комитеті Төрағасының
2014 жылғы «12» 05
№ 339 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН**

**Медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану
жөнінде тұтынушыға арналған нұсқаулық**

Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы

ТАЗАМУРИН[®], мұрын шырышын ылғалдандыруға арналған ерітінді, дозаланған мұрын спрейі, 50 мл

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Иісі жоқ мөлдір түссіз сұйықтық. Бір миллилитр ТАЗАМУРИН[®] ерітіндісінің құрамында 7,72 мг натрий хлориді, 0,42 мг калий хлориді мен 0,16 мг кальций хлориді болады, осылайша теңіз суының құрамы жаңғыртылады.

Қосымша заттар: бензалконий хлориді, натрий гидрототығы, тұз қышқылы (рН-ты қамтамасыз ету мен тұрақтандыру үшін) және тазартылған су.

Қолданылу саласы

- респираторлық-вирустық аурулар мен аллергиялық риниттердің алдын алу үшін
- мұрын қуыстары шырышты қабығының құрғауында, соның ішінде шаңды бөлмелерде жұмыс істегенде, лакты-бояғыш материалдармен жұмыс істегенде, кондиционерлер мен жылытқыш аспаптар бар бөлмеде ұзақ отырғанда пайда болатын құрғауында
- мұрын қуысында хирургиялық араласудан кейінгі кезеңде
- ересектер мен балалар мұрны шырышты қабығының гигиеналық күтімі, сондай-ақ мұрын қуысы мен қабықшаларын жұмсақ және жылдам тазарту үшін.

Әсер ету механизмі

ТАЗАМУРИН[®] спрейі шырышты қабықтың құрғақтығында және мұрын қуысында қабыршық түзілуінде табиғи ылғалдануды қалпына келтіреді, сондай-ақ бітелген мұрын қуысынан артық шырыштың шығарылуын қамтамасыз етеді. ТАЗАМУРИН[®] мұрын шырышты қабығынан көше мен бөлме шаңының және аллергендерінің шайылуына және кетуіне ықпал етеді. Жағымды әсері түшкірудің азаюымен, мұрын бітелісінің төмендеуімен және тыныс алудың жеңілдеуімен көрініс береді.

ТАЗАМУРИН® спрейін қолданудың арқасында мұрын шырышты қабығына жағылатын дәрілік заттардың тиімділігі жоғарылайды.

ТАЗАМУРИН® мұрын эпителиі кірпікшелерінің белсенділігіне әсер етпейді және дәрілік зат болып табылмайды.

Қолдану тәсілі

Пайдаланудың алдында едәуір біркелкі бүркілуіне қол жеткізу үшін ТАЗАМУРИН® спрейін ауаға 3-6 рет бүркіңіз.

Қолданудың алдында қорғағыш қақпақшасын шешіңіз және құтының ұштығын мұрын жолына салыңыз.


Әрбір мұрын жолына мұрын спрейінің 1-2 бүркуін (дозасын) шашыратыңыз. Қажет болғанда сіңбіріп тастаңыз.

Мысалы, мұрыннан қабыршықтарды шығарғанда ТАЗАМУРИННІҢ® үлкен дозаларын пайдалануға болады.

ТАЗАМУРИН® мұрын спрейін ересектер мен балаларға қолдануға болады.

Қолдану ұзақтығы шектелмеген.

Күтімі: қондырма мен қорғағыш қалпақшасын жылы сумен шайыңыз және құрғатыңыз. Күш салып тартпастан қондырманы құтысынан ағытып алуға болады. Оларды тазартқаннан кейін бөлшектерін біріктіріңіз.



- 1) баллон
- 2) қондырма
- 3) ұштық
- 4) қорғағыш қақпақша

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыздар!

Мұздатып қатыруға болмайды.

Жарамдылық мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды

Өндіруші

Орион Корпорейшн

Орионинти 1, 02200 Эспоо, Финляндия

Тіркеу куәлігінің иесі:

«ВИВА Фарм» ЖШС

2-ші Остроумов к-сі, 33, Алматы қ-сы, ҚР

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы

«ВИВА ФАРМ» ЖШС

2-ші Остроумов к-сі, 33, Алматы қ-сы, ҚР

тел.: +7 (727) 383 74 63

факс: +7 (727) 383 74 56

e-mail: PV@vivapharm.kz

Қосымша ақпарат:

Жағымсыз әсері (өзара әрекеттесуі, жекелей көтере алмаушылығы)

Анықталмаған

Қолдану үшін қарсы көрсетілімдері

Бензалконий хлоридіне немесе басқа компоненттеріне жоғары сезімталдықта

Сақтық (қауіпсіздік) шаралары

Мұрынға тамызуға тағайындалатын препараттарды қолданудың алдында мұрынның бітелуін төмендету мақсатында ТАЗАМУРИНДІ® қолдануға жол беріледі.

Жүктілік пен лактация кезеңі

Жүктілік пен бала емізу препаратты қолдануға қарсы көрсетілім болып табылмайды.

УТВЕРЖДЕНА
Приказом председателя Комитета
контроля медицинской и
фармацевтической деятельности
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан
от «12» 05 2014 г.
№ 339

Инструкция по медицинскому применению
изделия медицинского назначения для потребителя

Название изделия медицинского назначения

ТАЗАМУРИН[®], раствор для увлажнения слизистой носа, спрей назальный дозированный, 50 мл

Состав и описание изделия

Прозрачная бесцветная жидкость без запаха. Один миллилитр раствора ТАЗАМУРИН[®] содержит 7,72 мг натрия хлорида, 0,42 мг калия хлорида и 0,16 мг кальция хлорида, таким образом, воспроизводится состав морской воды.

Вспомогательные вещества: бензалкония хлорид, гидроксид натрия, соляная кислота (для обеспечения pH и стабилизации) и очищенная вода.

Область применения

- для профилактики респираторно-вирусных заболеваний и аллергических ринитов
- при сухости слизистой оболочки полости носа, в том числе возникающей при работе в запыленных помещениях, при работе с лакокрасочными материалами, при длительном пребывании в помещениях с кондиционерами и обогревательными приборами
- в период после хирургических вмешательств в носовой полости
- для гигиенического ухода за слизистой оболочкой носа взрослых и детей, а также мягкого и быстрого очищения полости носа от вязкой слизи и корочек.

Механизм действия

Спрей ТАЗАМУРИН[®] восстанавливает естественную увлажненность при сухости слизистой оболочки и при образовании корок в полости носа, а также обеспечивает удаление избыточной слизи из полости носа при заложенности. ТАЗАМУРИН[®] способствует смыванию и удалению уличной и комнатной пыли и аллергенов со слизистой оболочки носа. Благоприятный эффект проявляется в уменьшении приступов чихания, снижении заложенности носа и облегчении дыхания.

Благодаря применению спрея ТАЗАМУРИН® повышается терапевтическая эффективность лекарственных средств, наносимых на слизистую оболочку носа.

ТАЗАМУРИН® не влияет на активность ресничек эпителия носа и не является лекарственным средством.

Способ применения

Перед началом использования распылите спрей ТАЗАМУРИН® в воздух 3-6 раз для достижения более равномерного распыления.

Перед применением снимите защитный колпачок и вставьте наконечник флакона в носовой ход.

Произведите 1-2 впрыскивания (доз) назального спрея в каждый носовой ход. При необходимости высморкайтесь.



Можно применять большие дозы ТАЗАМУРИН®, например, в случае удаления корок из носа.

Назальный спрей ТАЗАМУРИН® можно применять взрослым и детям.

Длительность применения не ограничена.

Уход: промойте насадку и защитный колпачок теплой водой и высушите. Насадку можно снять с флакона, потянув без усилий.

Соедините части после их очистки.



Условия хранения

Хранить при температуре не выше 25°C.

Хранить в недоступном для детей месте!

Не замораживать.

Срок годности

2 года

Не применять после истечения срока годности

Производитель

Орион Корпорейшн
Орионинти 1, 02200 Эспоо, Финляндия

Владелец регистрационного удостоверения:

ТОО «ВИВА Фарм»
ул. 2-я Остроумова, 33, г. Алматы, РК

Адрес организации, принимающей на территории Республики Казахстан претензии от потребителей по качеству продукции (товара)

ТОО «ВИВА ФАРМ»
ул. 2-я Остроумова, 33, г. Алматы, РК
тел.: +7 (727) 383 74 63
факс: +7 (727) 383 74 56
e-mail: PV@vivapharm.kz

Дополнительная информация:**Побочное действие (воздействие, индивидуальная непереносимость)**

Не выявлено

Противопоказания для применения

Повышенная чувствительность к хлориду бензалкония или другим компонентам

Меры предосторожности (безопасности)

Допускается применение ТАЗАМУРИН® с целью снижения заложенности носа перед применением препаратов, назначаемых для закапывания в нос.

Беременность и период лактации

Беременность и кормление грудью не является противопоказанием к применению препарата.